

Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 16 маусым N 1235

Қазақстан Республикасының егемен мемлекет ретінде ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық қырларын болжамдау-талдау тұрғысынан қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстанның Менеджмент, экономика және болжамдау институтының Стратегиялық зерттеулер орталығы негізінде Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- жаңадан құрылған институттың жұмыс істеуі үшін Қазақстанның Менеджмент, экономика және болжамдау институтының үй-жайларының және материалдық-техникалық базасының бір бөлігін оның балансына беру жөніндегі мәселелерді бір ай мерзімде шешетін болсын;

- институтты 1993 жылы қаржыландыру мәселелерін қарап, шешетін болсын;

- Институт туралы ережені әзірлеп, бекітуге ұсынсын;

- осы Жарлықты орындау жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын іске асырсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*